

АКМЕШІТ

ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенемін.

Мақжан



№ 19 (452)
14 мамыр, 2022 жыл

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Әлемнің бесігін төрбетіп тұрған мейірім мен махаббат болса, «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген Абайдың сөзі өмірлік ұранға айналуды заңды. Жақсылық жасау үшін миллионер болудың, жаһанға жария қылуың, көпшіліктің қошеметіне бөленер сәтті күтудің қажеті жоқ. Жүреkte бір ғана мейірімнің болғаны жеткілікті. Жақында ғана Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үйлердің бірінде 8-қабаттан құлап кете жаздаған бұлдиршінді құтқарып қалған көршісінің әрекеті де осының мысалы.



«СУПЕРМЕНГЕ» АЙНАЛҒАН СӘБИТ

Жерлесіміз Сәбит Шонтақбаев басын бөйге тіліп, оқыс оқиға кезінде «Камал-2» тұрғын үй кешенінде балконның ернеуіне ілініп қалған 3 жасар құрдың жанын сақтап қалды. 36 жастағы азамат оны даладан байқап қалып, бірден 7-қабатқа көтерілген. Көршісінің балконындағы терезеден шығып, өз өмірін қатерге тіккен жігіт ағасының 3 жасар құрды құлап бара жатқан сәтінде ұстап қалып, мемлекеттің басты «капиталы» — адам өмірін ағаша түскені көптің жүрегіне жылу сыялап, қоғамның ықыласы мен алғысына ие болды. Оның айтуынша, оқиға кезінде үрейге берілуге уақыт та болмаған.

— 11 мамыр күні сағат 10:00 кезінде жұмысқа шығып бара жатыр едім. Бұрылыста 2-3 кісі жиналып тұр екен. Неге жиналып қалды деп жақындап барсам, 8-қабаттағы пәтердің бірінші терезесінде кішкентай бұлдиршін ілініп тұр. Оны көрген сәтте бар ойым тек баланы құтқару болды. Ойлағандан бірден 7-қабатқа көтерілдім. Көршінің есігін қағып, ішке кіріп, кішкентай терезеден сол баланы құтқаруға тырыстым. Шамамен 10-15 минуттай салбырап тұрды-ау деймін. Балапанның көрер жаңыры бар екен, — дейді құтқарушы.

Бұлдиршінді аман алып қалған Сәбит Шонтақбаев — төрт баланың әкесі. Бала-шағасы мен жары Қызылорда қаласында. 14 жыл бойы үй ішімен жағдамалы бастанғаны амандап жүргендіктен, материалдық жағдайымыз жақсарар деген оймен елордаға

жұмыс істеуге келген. Екі апта бұрын «Камал-2» тұрғын үй кешенінен пәтерді жалға алған. «Өзім моторист болып та істеген адаммын. 2017-2019 жылдары Қызылордада шекара әскерінде келісімшартпен жұмыс істедім. Оған дейін вагон депосында бригадир болдым. Ал елордаға қурылысқа жұмыс іздеп келдім. Мұнда келгеніме шамамен 15 күндей болды. Бала-шағаны асырау керек. Қазір құрылыста қара жұмыс істеймін. Тұрақты жайлы отырмай ба? Тіпті, 4 баланы еке мемлекеттен үй алуы үшін, белгілі бір жұмыс табуы үшін өз өмірін қатерге тігуі де қоғамдық тұрғыдан, адамдық тұрғыдан үлкен қасірет емес пе? Баланы үйде, көптіке жалғыз қалдырып, өміріне қауіп төндіретін ата-аналарға қатаң шара қолдану керек. Баланың құқы мен еркіндігін, саламаты мен сапалы білім алуын қамтамасыз етуі тиіс болған мемлекеттің міндеті осылайша қайтадан көлденең қалып қояды», — дейді журналист, өнертану (PhD) докторы, С.Демірел атындағы университеттің ассистент-профессоры Молдияр Ергөбеков.

Оқыс оқиғадағы басты кейліккер қараусыз қалған бала мен қала алып, 4 баласын асырау үшін жұмыс іздеп келген «құтқарушының» жағдайы бүтін қоғамның айнасындай. Неге біз осы деген ой келеді... Ал жанмызда жүрген жақсы адамдарды бағалай білейік, көре білейік. Мүмкін, арасында сіз де бар шығарсыз?!
Дина БӨКЕБАЙ

кәуіпсіздігі, құқығының сақталуы, ересектердің, ата-ананың бала өмірінің алдындағы жауапкершілігі. «Барлығы бейбіт күннің батырларында жарыса жазып жатыр. Тіпті көпшілік Сәбитті «супермен» атап кетті. Олар нағыз адам жасауы керек істі жасады және қоғамдық сенімді қатайтуға үлес қосты. Арамызда ондай адамдардың бар екенін білу бақыт, әрине. «Күн өткен сайын «садақашыл қоғамға» айналып бара жатырмыз. Мұны байқап отырмыз ба? Тіпті, 4 баланы еке мемлекеттен үй алуы үшін, белгілі бір жұмыс табуы үшін өз өмірін қатерге тігуі де қоғамдық тұрғыдан, адамдық тұрғыдан үлкен қасірет емес пе? Баланы үйде, көптіке жалғыз қалдырып, өміріне қауіп төндіретін ата-аналарға қатаң шара қолдану керек. Баланың құқы мен еркіндігін, саламаты мен сапалы білім алуын қамтамасыз етуі тиіс болған мемлекеттің міндеті осылайша қайтадан көлденең қалып қояды», — дейді журналист, өнертану (PhD) докторы, С.Демірел атындағы университеттің ассистент-профессоры Молдияр Ергөбеков.

Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі қос қуанышты қатар атап өтті. Биыл қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың дүниеге келгеніне 100 жыл толса, оқу орнының іргетасы қаланғанына — 90 жыл. Қызылорда қаласында айтулы күн қарсаңында бірқатар шара ұйымдастырылып, сырбойлықтар маңызды датаны атап өтті.

Мәншүк Мәметова ескерткішіне тағзым жасаудан бастау алған салтанатты шара оқу орнында жалғасты. Облысқа арнайы жұмыс сапарымен келген Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Қаринова М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде болып, ұстаздар мен шәкірттерді мерейтоймен құттықтады. Сонымен қатар вице-министр колледждің материалдық-техникалық базасымен танысып, «Білім шамшырағы» атты

төрайымы Назина Шанаи мен ардагер ұстаздар қатысты. Форумға келушілер көптеген интеллектуалды сайыста топ жарған жастармен танысып, зерделі оқушылардың маңызды жобаларына министрлік тарапынан қолдау болатынын сүйенділеді. Сондай-ақ колледждің «ТОП – 100 студент» байқауының жеңімпазы Биназир Аликханқызы Мәншүк Мәметова атындағы арнайы стипендияны еншіледі.

Оқу орнындағы вице-министрдің назарын аударған бастаманың бірі — колледждің бітіруші курс студенті Руслан Бақбергеновтың үйден оқитын балаларға арналған «Биртуалды шындық» жобасы.



ігіталпың тусәукесер рәсіміне қатысты. Мәртебелі мейман «Дуалды оқыту алаңы», «Білім нұры» атты педагогикалық сабақтастық галереясы мен «Құзиретілік орталығы», «Көркем еңбек» шеберханасындағы қиқірітілген сабақтарға да шолу жасады.

«Биртуалды шындық» жобасы. Идеяның мәні — ерекше оқуды қажет ететін оқушылар сыныптарымен бірге бір сыныпта отырғандай сезінуін және достарымен тығыз байланыста болуын қамтамасыз ету. Бастаманың гумандық құндылығын жоғары бағалаған аймақ басшысы да жобаны назарға алатынын жеткізді.

— Жастарға қатысты қандай мәселе болсын, назарымынан тыс қалмайды. Жастар қашан да еркін ой мен тығыз идеяларын бастамашысы. Олармен жүздесіп, ой бөлісетін әрбір кездесудің маңызы мен үшін ерекше. Биыл облыс өкілінің халықтық әлеуметтік оқыл және қарлы бастамасы арналған гранты екі есе артып, 200-ге жетті. Кәсіпкерлікпен айналысамын дейтін жастардың жобаларына облыстық бюджеттен 70 млн теңге бөлінді. Мұнан бөлек, спортпен шұғылдануға да

жағдай жасалуда. Тек қала аудан орталықтарында ғана емес, ауылдық жерлерде де спорт нысандарының саны артып келеді, — деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев. Қос мерейтойдың түйіні Н.Бекжанов атындағы музыкалық драма театрында қорытындыланды. Мұнда А.Мәметова мен Т.Әліпқалидың «Мәңгілікке маздан қыршын гүмбір» кітабының жемісімен қойылған «Моңшақ» мюзиклі көрерменге жол тартты. Қойылымда ерлікпен жан тапсырған қазақтың батыр қызы — Мәншүктың бойындағы ізгі қасиеттер, Отанға деген сүйіспеншілік сезімі бүгүнкүс жеткізілді. Небары 21 жасында дүниеден өткен Мәншүк Мәметованың 100 жылдық мерейтойы мен іргелі оқу орнының 90 жылдық айтулы мерекесі осылай түйінделді. Өңірдегі талай жастың талантын ашып, білім нәрімен сусындатқан колледждің алдағы алды асуы әлі мол екеніне күмән жоқ. Оған оқу орнының қайсарлық пен баатылдықтың символына айналған Мәншүктің есімін иеленуі де елеулі себеп болары анық.
Берен ШАҒЫРОВ

Қалтаны қаққан кәдеге жарату алымы қазақстандықтар үшін шешілмейтін мәселеге айналғанды көрдім. Қол жиналды, жат жақты, топ құрылды. Автокөлік иелері оған 6 жыл бойы қарсылық білдіріп келді. Тіпті #НетУтильсбору қозғалысы басталып, оның facebook желісіндегі тобына 11 мың адам тіркелді. Тіркелушілер саны күн санап артты. Мәселе Президентке жетті. Жыл басында утилизациялық алымға мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шағым көрсеткен халыққа үн қатып, жаңа өзгерістер енгізу қажет екенін жеткізді. Соған сай сарапшылар мен жобаны үйлестірушілер қызу талқыға түсіп, ортақ мәмілеге келді. Шешімге сәйкес, утили-

зациялық алымның мөлшері екі есе азайтылды. Соған сай экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тиісті бұйрық шығарды. Онда утилизациялық алымды есептеу әдістемесіне өзгеріс енгізілген, яғни коэффициент екі есе азайып отыр. Қолданыстағы мөлшерлеме бойынша автокөлік

үшін қозғалтқыш көлеміне қарай 459 мың теңгеден 3 миллион 522 мың теңгеге дейін төлеу керек. Енді жаңа тариф бойынша утилизациялық алым мөлшері 229 мың теңгеден 1 миллион 761 мың теңге аралығында болады. Нақты шешім бүгіннен бастап күшіне енеді. Оған дейін әкелінген машиналар

ескі мөлшерлеме бойынша есептеле береді. Жауапты мамандардың 3 айда жобасын әзірлеп, бекіткен жаңа тарифі төмендегендей. Утилизациялық алым — 0 (утилизациялық алым — 0 теңге); 1 000 текше см дейін — 1,5 (утилизациялық алым — 229 725 теңге); 1 001 текше см-ден 2 000 текше см-ге дейін — 3,5 (утилизациялық алым — 536 025 теңге); 2 001 текше см-ден 3 000 текше см-ге дейін — 5 (утилизациялық алым — 765 750 теңге); 3 001 текше см-ден жоғары — 11,5 (утилизациялық алым — 1 761 225 теңге).



ЖАҢА ТАРИФ БАҒАНЫ РЕТТЕЙ МЕ?





ТАҢДАУ ЖАСАЙТЫН СӘТ ТУДЫ

Аймақта да осындай құрамда жасақталған өңірлік қоғамдық штаб жұмысын бастады. Аталған штабтың арнайы отырысы да өтті. Жыныс облыстық қоғамдық штаб мүшелерінің таңдауымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры, қоғам белсендісі Жандос Базартай штаб төрағасы болып бекітілді.

Кездесу барысында түрлі сала мамандарынан құрылған топ мүшелері мемлекет үшін тарихи маңызы бар саяси науқан кезінде белсенділік танытып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге, референдумды лайықты өткізуге атсалысуға дайын екенін жеткізді.

Айта кету керек, штаб референдум кезінде қазақстандық қоғамдастықты

топтастыру үшін жұмыс істейтін болады. Енгізілетін түзетулер саяси жүйені қайта құру үшін келген күткен шараларды қамтиды.

«Конституциялық реформа артурлі қоғамдық күштердің, сарапшылар мен азаматтық белсенділердің бастамаларына және жалпы халықтың ұсыныстарына негізделген. Сондықтан да біз Мемлекет басшысының Конституцияға ұсынылатын түзетулерді референдум шеңберінде бүкілхалықтық дауыс беруге шығару туралы шешімін қолдаймыз. Бұл – азаматтардың болашаққа және әділ қоғамға деген сенімін ақтайтын, арттыратын дұрыс қадам. Референдумның нәтижелері халықтың

Еліміздің референдум өткізу туралы Президенттің Жарлығы шықты. Осыған байланысты барлық өңірде тарихи бастаманы қолдауға бағытталған штабтар құрылуда. Референдумды қолдаудың республикалық штаб құрамына азаматтық қоғамның белсенді өкілдері, ғалымдар, заңгерлер мен журналистер, жастар, ардагерлер қауымдастығы мен этномәдени орталықтардың жетекшілері топтасқан.

еркі мен оның ел болашағын түсінудің айқын дәлелі болмақ. Күш-жігерімізді біріктіріп, азаматтық қоғам өкілдері ретінде республикалық референдумды лайықты ұйымдастыру және өткізуге жәрдем көрсетеміз», – деді Ж.Базартай.

Референдумға дейін бір айға жуық уақыт бар. Осы аралықты тиімді пайдалану керек. Конституцияға енгізілетін өзгерістерді насихаттап, түсіндіру қажет. Алдағы бір ай еліміз үшін маңызды. Өйткені өзгерістерге қатысты жер-жерде сарапшылардың қатысуымен талқылаулар өтеді. Осының негізінде Конституцияға енгізілетін өзгерістер ескепледі. Жас та, жасамсыз та мұндай шарадан қалыс қалмауы маңызды. Себебі елдің болашағына сіз бен біз

де, бәріміз жауаптымыз. Естеріңізге сала кетейік, референдумға дайындық пен оны өткізу тәртібі «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық заңда көрсетілген. Оны өткізуге азаматтар ерікті түрде қатысады әрі бұл жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және тікелей қатысу құқығына негізделеді.

Әкімдіктер дауыс беруге арналған учаскелерді анықтап, референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін жасауы тиіс. Бұған дейін «Референдумның құрамын, аумақтық және учаскелік комиссияларын жариялау мерзімдері, комиссиялардың орналасқан жері мен жұмыс уақыты туралы мәліметтер референдум тағайындалғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей, ал нақты айтқанда, 15 мамырдан кешіктірмей БАҚ-та жариялайды. Дәл осындай мерзімде әкімдер БАҚ-та референдум учаскелерінің шекаралары туралы ақпараттарды жариялауы тиіс. Үгіт Жарлық енгізілген сәтте басталып, 4 маусымда аяқталады. Маңызды шараға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне өкім қол қояды және дауыс беру басталғанға дейін 20 күн бұрын, 15 мамырдан кешіктірмей акт бойынша ұсынылады», – деді ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров.

ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСУ



Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелерімен бірге облыс жұртшылығымен кездесу өткізді. Бұдан соң Ерлан Қарин белсенді жастармен жүздесті.

Қатысушылар жұмыспен қамту және жастарға арналған әлеуметтік қолдау бағдарламаларының орындалу жайын талқылады. Өз кезегінде Мемлекеттік хатшы Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің қызметіне тоқталып, жас буынның елдегі қоғамдық-саяси өмірге араласуының маңызын атап өтті. Сонымен қатар Мемлекеттік хатшы конституциялық реформаның негізгі бағыттары туралы айтты. «Алдағы реформа білік тәр-мақтары арасындағы қарым-қатынас балансын оңтайландырады, халықтың мемлекетті басқару ісіне араласуын ұлғайтады, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейтеді. Бұл – мемлекеттік модельдің жүйелі трансформациясы» деген пікір білдірді.

Кездесу аясында аймақтық қоғам белсенділері Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен жалпыхалықтық референдум өткізу идеясын қолдады.

«ИДЕЯ СІЗДЕН, ҚОЛДАУ БІЗДЕН»



Қызылордалық жастар жобасына қаржылай көмекті қалай алатынына көз жеткізді. «Samruk-Kazyna Trust» қорының өкілдерімен кездесуде жастар ҰЕҰ жұмысының негізгі механизмдерін және ҰЕҰ бұқарада қалыптасқан әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысты жоба ұсыныса, қор оны қолдауға әзір екенін білді.

– Біз бұл кездесуді аймақтық үкіметтік емес ұйымдарды жаңа әлеуметтік жобаларды ұсынуға ынталандыру үшін өткізуді ұйғардық. Осылайша еліміздің ең шағрай жерлеріндегі адамдардың өмірін қалай жақсартуға болатыны туралы қызықты идеялар күтеміз. Бұл тұста қор азаматтық секторды шағын бастамаларының ауқымын кеңейтуге шабыттандыруға күш салмақ. Мысалы, шағын қаланың бастамалары бүкіл облыс, тіпті бүкіл ел үшін игілікті болуы мүмкін. Қызылорда облысының белсенді ҰЕҰ-ын ынтимақтастыққа шақырамыз, – деді «Samruk-KazynaTrust» бас директоры Әлфия Адиева.

Қазір қор өңірді дамыту бойынша жаңа бастамаларға ашық екенін мәлімдеді. Өтіндімі қалай беру туралы барлық ақпарат сайтта, «Серіктес болу» бөлімінде қолжетімді: www.sk-trust.kz. Сондай-ақ +7 (7172) 57-68-98 нөмірі бойынша call-орталық жұмыс істейді.

ЖАҢА КЕЗЕН – ЖАҢА РЕФОРМАЛАР

Бұған дейін Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті отыз бірінші сессиясында Президент Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде референдум өткізуді ұсынды. Президент қазақстандықтарға жолдаған үндеуінде 5 маусымда республикалық референдум өтетін атап өтті.

1995 жылы қазіргі Ата заңға осындай жолмен енгізілген өзгерістен кейін елімізде жаңа бастамалар жасалғаны баршаңызға белгілі. Референдум өткізу бойынша әлеуметтік желілерде пікір көп. Мен азаматтық қоғам өкілі және заң ғылымдарының магистрі ретінде бұл бастамаға өз пікірімді білдіруді жөн санадым. Ата заңға өзгеріс енгізу біздер үшін таңсық емес. Ата заң бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ ешкім қарапайым халықтың пікірін сұраған жоқ. Өзгерістердің жобасы Парламент қарауына ұсынып, депутаттардың «бірауыздан» мақұлдауымен өзгертіліп келді. Шыны керек, осы жолы да солай болады деп ойладық. Бірақ Президент Ата заңға енетін өзгерістерді жалпыхалықтың таңдауына беріп, референдум өткізуді ұсынып отыр.

Бұл бастама Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жағдайында қажет. Мемлекет басшысы өз ұсынысында «Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз!» Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз!» деп атап өтті. Расымен мемлекет халықты ести бастағандай. Мемлекет тағдырын жекелеген азаматтар емес, тұтас халықтың өзі шешуі керек санаймын.

Жандос ТҰСМАҒАМБЕТОВ,
«Партиялық емес бақылау орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиал төрағасы

ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘЛЕУЕТТІН МАҢЫЗЫ ЗОР

Президенттің бұйлығы Жолдауынан кейін Жаңа Қазақстан құрудың механизмдері айқын болды. Кезекті Үндеуді де ел тарихындағы маңызды қадамдарға жол ашады. Ата Заңды халықтың қойлайы өмір сүруіне бағыттау, адам құқығының асақ болуына негіздеу қажетті дүние. Президент алдағы референдумда Ата

Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін жалпы халықтық референдум өткізілетіні туралы жаңалық қызу талқыланып жатыр. Осы орайда қоғам пікіріне құлақ ассақ,



заңның үштен біріне өзгеріс енетінін айтты. Сондықтан ел болып жауапкершілік танытып, болашақ үшін атсалысу қажет деп есептеймін.

Әділетті Қазақстан құрудың алғышарты ретінде Конституциялық сотты атауға болады. Бұл жөнінде Президент өткен Жолдауында жариялады. Кез келген азамат өзінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін тікелей Конституциялық сотқа жүгінуге болады.

Президенттің халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, құқықтық әлеуетін көтеруге бағытталған барлық шешімдерін қолдаймын. Бұл реформалар өте ауқымды. Ата Заңда 98 бар болатын болса соның 33-іне өзгерістер енгізілген деп отыр. Яғни үштен бірі. Мәселе тек сан жағынан емес, мазмұны жағынан да терең өзгерістер. Бұл – білік тармақтары арасында тең қарым-қатынас орнату.

Дәулет ІЗБАСАРҰЛЫ,
«Әділет» құқықтық қызмет көрсету орталығының директоры

БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға түзетулер енгізу жобасы бойынша

республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. 5 маусымда республикалық референдум өтпек.

Конституциялық реформа бүкіл мемлекеттік үлгінің кешенді өзгертуге бағытталған. Бұл – Мемлекет басшысы қабылдаған саяси мәні ерекше маңызды шешім. Сондай-ақ елдің еркін таңдауын жүзеге асыратын ең әділ үрдіс. Бұл жолғы

Қазақстандағы референдумның ерекшелігі Президент өзінің өкілеттігін кеңейту үшін емес, керісінше биліктің басқа институттарымен оны қайта бөлісуге бастамашылық жасауында. Осылайша, конституциялық реформа жөніндегі алдағы референдум Екінші Республикаға – мемлекет пен қоғам өзара қарым-қатынасына жаңа, барынша тиімді әрі теңгерімді модельне құқықтық негіз қалыптастырады.

Алдағы референдум еліміздің болашағын айқындайды деп сенеміз. Референдумға қатысып, тарихи бетбұрыс жасауға үлес қосуға бұрғанңызды шақырамын!

Нұрғасын ЖАЛҒАСАЕВ,
«Апанат» партиясының Қазалы аудандық филиалының атқарушы хатшысы

ШІКІР-ПАЙМ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖАНА ЖАНА ЖАНА

ТАРИФ

БАҒАНЫ

РЕТТЕЙ МЕ?

Ресей
1 литрлік көліктерге – 106 000 рубль (604 мың теңге)
1.1 литрден 2 литрге дейінгіге – 165 200 рубль (941 мың теңге)
2.1 литрден 3 литрге дейінгіге – 322 400 рубль (1 млн 837 мың теңге)
3 литрден 3.5 литрге дейінгіге – 570 000 рубль (3 млн 250 мың теңге)
3.5 литрден жоғарыларға – 700 200 рубль (4 млн теңгедей).
Жеңіл көліктерге базалық ставкасы – 25 мың рубль (142 мың теңге), ал жүк көліктеріне – 187 мың рубль.

Украина
Утилизациялық алым 2013 жылы енгізілген. Жеңіл көліктің бәрине бір алым салынады – 5500 гривен (85 мың теңге).

Еуропа
Еуропа одағы елдерінің утилизациялық алымы бәрине ортақ. Шамамен,

жаңадан сатып алған көлікті тіркеу үшін 100 еуро төлеу керек. Нидерландыда мүлде 45 еуро ғана.

Жапония
Жапонияда утилизациялық алым импорт және экспорт болып бөлінеді. Жапонияның өзінде ендірілген көліктерге алым бір-ақ рет төленеді. Сомасы көліктің қозғалтқыш көлеміне байланысты. Бірақ 130 доллардан () аспайды. Кеісак көліктер – 90 доллар төлейді. Ал импорт көліктер 190 доллардай. Импорт көліктердің көбі салмағы ауыр болғандықтан көбірек төлейді.

АҚШ
АҚШ-та шағын көліктердің утилизациялық алымы – 100-200 доллардың, толық көлемді көліктердікі – 150-300 доллардың арасында. Ал жүк көліктер мен ауыр техникаларда – 300-500 доллардың шамасы.

Жаңа тариф елдегі көлік бағасын реттей ме деген сауал екінші бірінде туындап тұр. Мәселенің мәнін белгілі сарапшылармен тарақтып көрдік.

Көпшілік тарифке байланысты көлік бағасы арзандайтынына сенімді. Алайда тәуелсіз автомобильдер одағының төрағасы Эдуард Эдоковтың айтуынша, утильдік алым арзандаса да ол автокөлік бағасына әсер етпейтінін айтады. Сол себепті темір тұлпардың бағасы арзандайды дегуге әлі де болса ерте секілді.

– Баға ертең бірден түседі немесе қалады деп айту өте қиын. Оны сатып үйренген адамдар мәселен, сол жоғары бағада, олар соны бірден төмендетсе ме, менің соған күмінім бар. Көлікке сұраныс төмендесе, онда баға біраз түсуі де мүмкін, жаңағы утильжинау көлемінде ғана. Ал қалғанына өзгермейді, – деді Эдуард.

Автокөлік нарығының белгілі сарапшысы Олжас Оқастың пікіріне сүйенсек, еліміздегі утилизациялық алым халықтың жағдайымен байланысты болу керек.

– Қазақстанда көлік жылдан-жылға қымбаттап бара жатыр. Бұған бірнеше фактор әсер етеді. Утилизациялық алымның сомасы жаңа көлік сатып аларда аса рөл ойнамайды.

Біріншіден, біздің нарықтың ауқымы кішкентай. Ұлттық валютамыз ай сайын құлдырап жатыр. Көлікке қажетті бөлшектер бізге шетелден келетінін ұмытпайық. Көлікке қатысты утилизация алымын жойғып жіберсең де Еуро-4 стандарты қалады ғой. Мысалы, Грузиядан әкелінген 2003 жылғы «Toyota Camry» көлігі бәрібір алғашқы тіркеуден өте алмайды. Ащы болса да шынықтық айтуымыз керек, халқымыз «тегі» дүниені жақсы көреді. Мүмкіндік болса, ҚҚС алып тастауды қолдайтындар бар. Тәртіп болмаса, заң қадағаланбаса, түбі артта қалған бір мемлекетке айналамыз, – деді Олжас Оқас.

Auto ru көлік қызметінің жетекшісі Айдос Жүнісов көлік бағасының арзандамайтынын алға тартты.

– Кәдеге жарату алымы қысқарғанына қуаныштымыз. Алайда бағаны әлде төмендету керек секілді. Сол кезде көліктің нарықтағы бағасында сәл болсада өзгеріс орнайтын еді. Жалпы көліктің бағасы қымбаттамаса арзандамайды. Өйткені нарық долларға бағынышты. Шетелдерден келетін көліктің барлығы доллар валютасымен жүреді. Сондай-ақ көлікті елге кіргізу үшін де утилизациялық алымнан бөлек мың-сан төлемдер бар. Оның барлығы не үшін төленетіні түсініксіз. Атап айтсақ, кедендік алым көлік бағасының 15 пайыз, НДС 12 пайыз төлем алынады. Сондай-ақ 2015 және 2019 жылы шығарылған көліктер үшін бастапқы тіркеу жарнасына 500 мпр төлем жазаға мәнбұр болады. Осының барлығы көліктің қымбат болуына әсер етеді. Егер қажетсіз төлемдерді қысқартатын болса еліміздегі темір тұлпарлардың жылы жанарып, бағасы қалтаға қонымыды болар еді, – деді маман.

Қорыта айтсақ, кәдеге жарату алымының жаңа тарифі көңілден шыққанымен көлік бағасы өзгеріссіз қалмақ. Себебі елімізге шекарадан кіретін көліктердің утилизациялық алымнан бөлек төлейтін өзге төлемдері ұзын-сонар. Автокөлік бағасының төмендеуі теңгенің қуатына қатысты екенін де ұмытпаған абзал.

Ерасыл ШӨРБЕК

Білім ошақтарында ер мұғалім аз. Аздығы мектеп оқушыларының тәрбиесіне өсерін тигізеді ме деп алаңдаушылық танытатынымыз шыныдық. Неге ер жігіт мұғалім болғысы келмейді?

Бұл ретте ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмайсың, құлша тәрбиелесең, құл болмайсың» деген сөзі ойға оралады. Себебі ұл бала үшін әкенің орны қандай болса, ер мұғалімдердің де маңызы сондай. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген тәмсілге сүйенген қазақ ұл баланың әкеге, қыз баланың анаға қарап бой түзгенін құл көреді. Үйде әкеге қарап өскен бала мектепте ер адамнан тәлім алса құба-құл емес пе?! Бірақ бұл тілек әзірге орындалмай тұр. Ал ер мұғалімдердің аздығын бүгінгі қоғамда «қыз мінезді» жігіт-

Қай ер-азамат күні-түні қағаз толтырып, жоспар құрып отырғанды қалайды дейсіз? Төпсе темір узуға шамасы жететін жігіттер қағазға шұқшылып отырғаннан түзде ауыр жұмыс істегенді құл көреді. Бұл үшін азаматтарды айыптауға қақымыз жоқ. Одан бөлек мұғалімдерге жүктелген қоғамдық жұмыстар да жетіп артылады. Мәселен, сенбілік те, мерекелік концерт те, сайлау да, ресми шаралар да мұғалімдердің үйретуге алдымен әке одан соң мұғалімнің берері көп. Мұны ескерген ата-ана ер мұғалімдерді іздеп жүріп табыстайды. Оларға баланың бүгінгіміне қоса болашағы да маңызды. Сондай-ақ мектептерде ұрыс-төбелестің алдын алу үшін де таптырмас құрал. Мектептердегі бұзақылықтың алдын алу үшін жасалған жұмыстардың аздық ететіні анық. Бұған күні кеше сол жағалаудағы көпірден секірген 8-ші сынып

жанымызға жақыны сол болды. Спортпен айналысып, футболдан жарыстарға қатысып жүрмін ғой. Болашақта оқытушы боламын деп дайындалып, спортқа қатысты тың дүниелерден хабардар болып, өзімді жаттықтырып келемін. Мақсат – оқушыларымыз жарыстарға көп қатыстыру, олардың болашақта өз-өзін қорғауына септігімді тигізу.

Иә, жігіттердің туғға болып қалыптасуына, өз-өзін қорғауды үйретуге алдымен әке одан соң мұғалімнің берері көп. Мұны ескерген ата-ана ер мұғалімдерді іздеп жүріп табыстайды. Оларға баланың бүгінгіміне қоса болашағы да маңызды. Сондай-ақ мектептерде ұрыс-төбелестің алдын алу үшін де таптырмас құрал. Мектептердегі бұзақылықтың алдын алу үшін жасалған жұмыстардың аздық ететіні анық. Бұған күні кеше сол жағалаудағы көпірден секірген 8-ші сынып



керек, қарыздарын жабу керек деген мақсатпен қара жұмысқа жегіліп, базар жағалап, құрылысқа кетіп қалғаны бар. Олар табысы аз болған-

бұзақылыққа ұрлыққа бармауын тікелей бақылайды. Біз мұғалімдерге баламыздың сабағын ғана емес, тәрбиесін де табыстай салдық. Азаман-кешке дейін жұмыста болатын ата-ананың балаға қарауға уақытының жетпесі анық. Өзім бастапқыда баламды ер мұғалімнің тәрбиесіне бергім келді. Іздеп жүріп таппадым.

кезекке қойылды. Мектеп ұстаздарының тең жартысы ер мұғалімдерден жасақталып, екі-үш жыл ішінде теңсіздікті реттеген екен. Мұны мамандар білмей отырған жоқ. Психологтар «бұл

беталысымыз ұлтымыздың ертеңі үшін қауіпті» деп айтқаны біраз уақыттың жүзі болды.

Ерженіс ӘБДИЕВ, №3 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

– Ер мұғалімнің аздығын себебі, бұған дейінгі мұғалімнің мәртебесінің төмен болуы. Айлығының аздығы. Бұдан екі жыл бұрынғыны есептесек, мұғалімнің айлығы орташа жалақыдан әлдеқайда төмен болды. Сондықтан да ер азаматтар отбасының асыраушысы ретінде айлығы жоғары қызметтерге орналасуға тырысты. Көбісі мектеп бітірген соң осы мамандыққа қол созады. Өйткені жалақы аз болады деп есептеді. Мұғалімді оқып алған соң бір-екі жыл мектепте жұмыс істеп, отбасын асырау

МӘСЕЛЕ БАР, ШЕШІМІ ҚАЙСЫ?

тер көбейіп бара жатқан тәрізді. Әке тәрбиесін көрген жігіттердің бойында қайсарлық бірден байқалады. Ал анасының ғана тәрбиесінде болған баладан сенімсіздік, тәуекелге бара қоймайтын қасиеттерді аңғаруға болады. Осыдан мектептерде ер мұғалімдер көп болғанын қалайсың. Статистикаға көз жүгіртсек, елдегі мектептердегі ер мұғалімдердің саны 20 пайызға жетер-жетпес қана. Олардың өзі дене шынықтыру мен алғашқы әскери дайындық сабақтары мен еңбек пәндерінен ғана дәріс береді екен. Мұның өзі күніне бекітілген 40 минуттан әріге аспайды.

беретін ер мұғалімдер жоқтың қасы. Оған оқырмандарымыз мынадай ой қосып, пікір бөлісті.

Алмат БЕКБЕРГЕН, студент:

– Мұғалімдердің жалақысы көтерілді деген ақпараттарды жиі оқып жүрмін. Сондықтан да жалақысы көп жұмысқа баруды дұрыс деп санадым. Құжаттарды өткізіп оқуға түстім, дегенмен де дене шынықтыру мамандығын тандадым. Жігіт болған соң

оқушысының іс-әрекеті дәлел.

Айнаш ӘЛИ, ата-ана:

– Мектеп баламызға білім беріп қана қоймай, оны үлкен өмірге дайындайды. Болашақта бір саланың білікті маманы болуға бағыт-бағдар береді. Тәрбиесін қадағалайды, ешкімнен ерігіспеуін,

Мөлдір САБЫРЖАН

КІШКЕНТАЙ АРМАННЫҢ ҮЛКЕН ЖЕМІСІ

Елдегі өнерлі жастар арасында байланыс орнату және оқушылардың шығармашылық әлеуетін күшейтеу, инновациялық идеясын дамыту бағытындағы байқаудың көмегімен танылған таланттар аз емес. Олардың қатарында «Orda School» жеке мектебінің оқушылары да бар.

Білім және Ғылым министрлігінің ақпараттық қолдауымен ұйымдастырылған сайыс биыл да тартысты өтті. Екі кезеңнен тұратын байқауға Қазақстанның түпкір-түпкірінен 400-ден астам мектеп оқушы бақ сынап, ішінен 100 оқушы топ

Талантты оқушыны тани білу – жарты өрлік. Себебі оның өнерін өрістетуге жол ашып, көмек қолын созу орасан зор еңбекті талап етеді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының тұмдай тұнық болмысын аялай білу, бағыт-бағдар беру кезек күттірмейді. Осы арада «Bilim-Orkeniet» Ұлттық Инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «ҚР 100 үздік оқушысы» атты республикалық байқауын ерекше атап өткен жөн.

жарды. Жүзден жүйрік шыққан балалар елордада өткен марапаттау рәсіміне қатысып, жеңіс тұғырынан көрінген. Соның ішінде өңірдегі «Orda School» жеке бастауыш мектебінің 2 сынып оқушылары – Сая Нұрболтаева, Азізере Ғалымжанқызы, Ернұр Серік те байқау жеңімпаздары атанды.

Жеңімпаздарды «Bilim-Orkeniet» ҰИҒЗО директоры Әзірет Сатылғанов, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекулы, тарих ғылымдарының докторы Мақсат Алпысбеулы секілді сала мамандары мен қоғам қайраткерлері марапатады. Сырбылшық оқушылар І дәрежелі диплом және «Мен Қазақстанның Патриотымын» төсбелгішесін иеленген.

– Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарынды тани білу, дамуына бағыт-бағдар беру қажетті әр мұғалім жете түсінуі керек. Ол үшін дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезіну, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылу, ата-анасымен тығыз байланыс маңызды. «Orda School» жеке бастауыш мектебінің оқушылары да ізденіс пен білімді қатар алып жүруде. Оларға лайықты жол сілтеу үшін үнемі ізденісте болуға тура келеді. «ҚР 100 үздік оқушысы» байқауына балаларды қатыстырудағы мақсаттың бірі – танымды

кеңейту, шығармашылық байланысты нығайту. Бұл тұрғыда оқушылардың талпынысы көңіл көншітеді, – дейді оқушылардың жетекшісі Нұрай Марқабатқызы.

Сонымен қатар дарынды оқушылар туралы мәлімет байқау аясында жарық көрген «100 үздік өнерлі оқушы» атты кітап-жинаққа шыққан. Талапкерлер жұлдемен қатар «Мәңгілік Ел» кітабы сыйға алып, ұйымдастырушыларға алғысын айтуда. Өз кезегінде «Bilim-Orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу

орталығының директоры Әзірет Сатылғанов мұндай жобаның маңызы зорын атап өтіп, білім беру ісіндегі ілгерілеу байқалатынын қуана жеткізген.

Жалпы мемлекетіміздегі білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларының инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру – маңызды міндет. Әсіресе, педагогтердің біліктілігін арттыру, олардың тәжірибе алмасуына ықпал ету үшін мамандандырылған орталық барынша мүмкіндік алаын өзгереді. Мұнда кәсіби жетік, креативті, білікті мамандардан құралған команда қызмет атқарады. Сол секілді «ҚР 100 үздік өнерлі оқушысы» атты республикалық байқауын ұйымдастыру да ерекше жауапкершілік артты. Сайыста басымдық дарынды, өнерлі, білімді жастардың үздік жобаларына қолдау көрсету, сол арқылы Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосу идеясы назарға алынды, – дейді орталық басшысы.

Устаз ретінде білім берген оқушының ерекшелігін, танымын зерттеп, даму деңгейіне орай әдіс-тәсілдерді іріктеу нағыз кәсіби маманға тән қасиет екені анық. Бұл арада «Orda School» мектебінің ұстаздары көпке үлгі болып келеді.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Дүниежүзілік «WRO-2022» олимпиадасы робототехника-ның мүмкіндіктерін ұлғайту мақсатында ұйымдас-тырылып, күлтемір қызметін жақсартуды көздейді. Қуантарлығы, әлемдік деңгейдегі білім бәсекесінің аймақтық кезеңінде Сыр зияткерлері алдына жан салмады. Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары аталған додада бес бірдей бірінші орынды иеленді.

Бұл жарыста қатысушылар күлтемірді өздері құрастырып, жасаңды достарын көпшілікке таныстырды. Жобаны қорғау барысында олардың кедргілерден өту, заттарды бір нүктеден екінші нүктеге қозғалту секілді әрекеттерді орындау шеберліктері бағаланды. Ал шығармашылық номинацияда қатысушылар өздерінің инновациялық жобалары мен өнертабыстарын ұсынды. Мәселен, қалдықтарды өңдеуге арналған биоконвейер, саусақ із бойынша науқастарды анықтауға мүмкіндік беретін әмбебап құрылғы, автоматтандырылған ферма және тағы басқа құрылғылар әділқазылар назарына ұсынылды. Аталған жобалар арасынан «RoboMission» категориясында Максим Усольцев пен Данила Осетров және Сұлтан Қани мен Ернұр Жасылықов және Әділет Садуа бірінші орынды иемденді. «Future Engi-neers» категориясындағы жұлде Нұрбол Жақсылық пен Нұрмұхамед Оразбековке Ойырды.

– Уақыты талшы, алайда мал шаруашылығымен айналысуды қалайтын жандардың жұмысын автоматтандырылған роботтар

кемеі арқылы жеңілдетуді мақсат еттік. Осы арада біз мәселенің басты шешімі ретінде «Cleaner-2022» роботын ойлап таптық. Робот автоматты түрде малдың жай-күйін бағтай алады. Төрт түліктен шыққан қалдықтарды адам көмегінсіз тазалай алады. Автоматты түрде үй жануарларына еш зиян тигізбейді, тек малды негізгі қорадан қосымша қорғау көшіре алады. Өздігінен малға су-жам беруіе қабілетті. Бұлдің роботтың мал шаруашылығымен айналысатын адамдардың уақытын үнемдеп қана қоймай, Қазақстандағы ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосады деп сенеміз, – дейді Нұрдаулет Әділбек. Айтпақшы, биыл бас өнертапқыштар сайысына барлығы 18 команда қатысты. Оның ішінде Назарбаев Зияткерлік мектебі, Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей, «Zyuaiker» инновациялық мектеп-лицейі, Е.Әуелбекова атындағы №4 дарынды балаларға арналған мектеп, С.Сейфулин атындағы №187 ІТ-мектебі, И.Пандилов атындағы №85 мектеп-лицей және №277 мектеп-лицейі оқушылары бар. Енді жеңімпаз командаларды республикалық кезек талпырмалары күтеді. Олар облыс намысын қорғап, әлемдік додаға қатысатын Қазақстан құрамасы сапында жұлде үшін сайысқа түсетін болады.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Жыл өткен сайын ҰБТ-да сан өзгеріс пайда болды. Өту жүйесі, уақыт талабы, бағалау критерийі құбылауда. Мұның барлығы білім беру ісін жетілдіру бағытында жасалған қадам екені даусыз. Оған соңғы жылдағы ҰБТ нәтижесі мен ЖОО-ға түскен түлек көрсеткіші дәлел бола алады. Ал бийлгі өзгешелік қандай? ҰБТ-ға нәңдей талап өнді? Сырбылшық талапкерлерді қандай жаңалық күтіп тұр? Санамалап көрелік.

Был ҰБТ және барлық деңгейдегі олимпиадалар электронды форматқа көшірілді. Сондықтан басты артықшылық – барлық процесс ашық әрі талапкерлерге қолайлы жағдайда өтеді. Өңірдегі ҰБТ өткізу жүйесі де белгіленген талапқа сай, қатаң тәртіп аясында жүзеге аспақ. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасимова баспасөз конференциясында хабарлаған болатын.

«ҰБТ-ға өтіншітердің басым көпшілігінің электронды форматта тапсырылуы азаматтар арасында сұранысқа ие екенін көрсетеді. Өтінші қабылдау 28 сәуір мен 14 мамыр аралығында арр. testcenter.kz сайтында жүргізілуде. Сондай-ақ, биыл ҰБТ тапсырушы түлектерге тест тапсыруға және грантка түсуге екі мүмкіндік беріледі. Яғни, тек бір бейіндік пәндер комбинациясын таңдай алады. Пәндердің санында өзгеріс жоқ. Ең жоғарғы ұпай саны – 140», – деді басқарма басшысы Ақзира Бақтыбайқызы.

Түлектердің ҰБТ-ға дайындалуына Ұлттық

тестілеу орталығының тегін онлайн-сынақ тестілеуі іске қосылып, көмек ретінде оқушыларға мүмкіндіктер жасалуда. Мұнымен қоса Ұлттық тестілеу орталығымен бірлесіп өзірленген білім беру орталықтарының тегін онлайн сабақтары да жалғасып жатыр. Ал ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін алғаш рет негізгі 240 минутқа қосымша тағы 40 минут берілген екен. Сонымен бірге олар үшін тест нұсқалары суреттерсіз, диаграммаларсыз және сызбаларсыз өзірленетін көрінеді.

Айтпақшы, академиялық адалдықты сақтау үшін талапкерлердің тест нұсқасы таңбалаңады. Ережелерді бұзған және тест тапсырмаларын аудиториядан тыс жерге шығаруға тырысқан жағдайда, Ұлттық тестілеу орталығы ереже бұзушыларды анықтап, оның тест нәтижесінен жояды. ҰБТ кезінде компьютер экранында

калькулятор, Менделеев кестесі және металдардың біріктар белсенділігі қосылған тұздың ерігіштігі кестесі қолжетімді болады.

«АЛТЫН БЕЛГІ» АЛУ ҰБТ-ҒА БАЙЛАНЫСЫ

«Алтын белгі» алудың шарттары да біршама



өзгеріске ұшырады. Соның бірі – ҰБТ қорытындысы негізінде «Алтын белгі» берудің объективтілігінің бағалануы. Аталған өзгерісті қамтамасыз ету үшін білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook әлеуметтік желісінде хабарлаған болатын.

«Келесі жылдан «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер НЗМ базасында математикадан емтихан тапсыруы керек. Бұл шара академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін қабылданғанын түсіну маңызды. Бұл ретте НЗМ-де емтихан тапсыратындарға да, жалпы білім беретін мектеп базасында тапсырмалар бірдей болады. Былтыр мектеп бітірушілер рекордтық «Алтын белгі» алды. Кейбіреулері ҰБТ нәтижесі бойынша төмен бағл алды. Осыған байланысты үміткерлерді үздік белгісіне объективті және ашық

бағалау үшін емтихандардың бірі түрөлзсіз білім беру ұйымында өтеді. Был мектеп бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырады. Сондай-ақ белгіден бас тарту туралы өтіншітер жарамсыз. Талаптар сай келетін үміткерлер белгіленген тәртіпте қорытынды аттестациядан өтеді. Айтпақшы, нормалар келесі жылдан бастап күшіне енгенімен, биыл ҰБТ қорытындысы бойынша бұл белгіні берудің объективтілігі бағаланады. Осыған байланысты мектеп ақімшілігі, білім басқармалары мен бөлімдері қорытынды емтихандарының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Өңір жағдай бойынша ҰБТ нәтижелерінің қорытындыларына талдау жүргізіледі», – дейді министр.

Айтпақшы, биыл Қызылорда облысы бойынша 292 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Олардың 99-ы Қызылорда қаласы мен облыстық мектептің түлектері болса, қалған 193-і аудандарда білім алуда. Жақында облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасимова үміткер оқушылардың Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында алгебра және анализ бастамалары пәнінен тапсыратын мемлекеттік емтиханы келесі, яғни 2022-2023 оқу жылына ауыстырылғанын айтқан болатын. Әсіресе, аймақтық бас ұстазы ашықтықтың басты назарда болатынын бас айтқан еді.

«Мектеп ақімшілігі мен білім бөлімдері мемлекеттік қорытынды емтихандардың объективтілігін қамтамасыз етулері керек. Өңір үміткер оқушының ҰБТ нәтижелеріне талдау жүргізілетіндігін тағы да назарларыңызға саламын», – деді басқарма басшысы.

Берен ШАҒЫРОВ

ҰБТ МЕН «АЛТЫН БЕЛГІДЕГІ» ӨЗГЕРІС

«Параспортшылар туралы фильм түсіру идеясы 2018 жылы Кореяда өткен паралимпиада ойындарынан кейін келді. Біздің қоғамда паралимпиадашыларға аса мән берілмейтіні байқалды. Спортшылардың тағдыры мен спорттағы еңбектерінен көпшілік хабарсыз. Бұл мәселе мені бей-жай қалдырмады. Фильм сюжеті шынайы өмірден алынған. Алдымен паралимпиадашылармен кеңесе отырып, ақпарат жинадық. Мотивациялық фильм. Қазіргі отандық фильмдердің дені комедия жанрында. Осы тұрғыда біз өмірлік мән бар, адамдарға ерік-жігер беретін, рухын жанитын тың туынды жасағымыз келді», – деді фильм режиссері Алдияр Байрақимов.

Параспортшылар – өте жігерлі адамдар. Өрбіріннің бұл салада өзіндік тарихы бар. Фильмді түсіру барысында режиссер тікелей кәсіби паралимпиадашылармен жұмыс істеген. Сонымен бірге «Паралимпиадашы» Қазақстанда параспортшылар туралы түсірілген ең алғашқы фильм екенін ескеру керек. Тағы бір ерекшелігі, нақты жайттар мен өмірде болған спортшылардың оқиғасына сүйенсе де, туынды деректі фильм емес, көркем фильм ретінде көрерменнің ыстық ықыласына бөленуде. Сондықтан аталған кинотуындыда бірнеше кино жанры, оның ішінде драма, экшн, комедия және тағы басқалары қамтылған.

Фильмдегі басты рөлді жас актер Асқар Ильясов сомдайды. Атлет-паралимпиадашы Мақсат Қуанышбаевты сомдаған ол бұл рөлдің өз тәжірибесінде қиын рөлдің бірі екенін мойындайды. Тіпті, жаңа туындының басты рөлін ойнағанға дейін шаңғыға мініп те көрмеген екен. Түсірілімге дейін бір ай бойы аптасына алты күнді шаңғыға арнап, Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Елена Хрусталевамен дайындықта болыпты. «Бұл мен үшін тәжірибемдегі ең қиын рөл бол қалмақ. Белгілі себептерге байланысты аяқсыз қалған адамның олимпиада ойындарына қатысуы, қандай да бір қиындықтарға берілмеуін, басты кейіпкердің ішкі жай-күйін сыртқа сезіндіру үшін оның жанын түсіну керек. Ішкі қайғысы мен мұқалмас жігерін қатар сезіне білу маңызды. Басты кейіпкер мен үшін міндетті рөл ғана емес, күш берген, жігер берген азамат ретінде әсер қалдырды», – дейді актер Асқар Ильясов.

Түсірілім Алматы және Шүчінск қаласындағы қысқы спорт нысандарында өткен. Ал қалың жұртшылықтың назарына 21 сәуірден бастап ұсынылды. Туынды туралы жақсы пікір қалдырғандар қатары да аз емес. «Жаңа кино шықты десе кинотеатрдан табылатын әдетіміз. Бірақ осыған дейін көргенімдікің түгелте жуығы комедия, ауыл мен қала тақырыбында еді. Бұл фильмнің аты да, ішкі мазмұны да қызық болып көрінген соң отбасымызбен келіп тамашалағанбыз. Сөз жоқ, тек эмоция мен сезімдер бар. Залдағы көрермен көз жасына ерік берді. Көп нәрсені ұғындырған фильм болды. Әсерімді айтып жеткізе алмаймын. Бірақ уағаны өмір – туындының режиссері мен басты кейіпкердің өмірдегі прототипін зерттеп, біліп алдым, таныстарыма, жақындарыма көруге ұсындым. Той мен комедиядан басқа жанрдағы осындай ерекше фильмдер, әсер етпей қоймайтын тың туындылар көбінесе екен», – депті instagram желісінде

Айнұр Оразтай есімді көрермен.

– Жоспар құрғанда басты рөлге актер емес, шынайы параспортшыны түсіруді ойладық. Осы мақсатта 3 кастинг өткіздік. Нәтижесінде кәсіби артистің көрегің, маманның орнын ешкім баса алмайтынын түсіндік. Себебі басты рөлді сомдау оңай емес. Өрі түрлі сахналар көзінде параспортшыға қиынға соғатын болды. Дегенмен фильмнің ішінде нағыз паралимпиадашылар да бар.

2018 жылы Кореяда өткен Паралимпиадада жерлесіміз Александр Калядин жеңіске жетті. Паралимпиада туралы көпшіліктің хабарсыз болуынан бұрын спортшының ел тарихында алғаш алтын алқа тақаны туралы ош жерде жарияланбағаны, БАҚ-тың үн-түнсіз жатқаны таңдандырды. Сол себепті фильмде жекелеген тұлғаларды кірістірген жөн деген ойға келдім, – дейді фильм авторы.

Одан бөлек режиссер алдағы уақытта «Паралимпиадашы» фильмін кино саласындағы халықаралық байқауларға қатыстырып, бағын сыйайтынын айтты.



Жақында отандық киноқарталар қатары ерекше фильммен толықты. Сәуір айында режиссер Алдияр Байрақимовтың «Паралимпиадашы» фильмі жарыққа шыққан еді. Фильм жол апаты себебінен аяғынан айырылған шаңғыдан Оңтүстік Кореяда өткен Қысқы Олимпиада ойындарының чемпионы Мақсат Қуанышбаевтың өмір жолы мен спорттағы тарихи өңбегі, ізденісі туралы сыр шертеді.

Дина БӨКЕБАЙ

ДУБЛЯЖ: КИНОДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс сан саланың тоқырауына әкелгені шындық. Тіпті, санкцияның салдарынан танымал голливудтық киностудиялар Ресей нарығынан кетіп, көптеген шетелдік кинотуындылардың көрсетілімі мен орыс тіліндегі дубляж тоқтатылды. Қазақстандағы көрермен де келенсіздікке ұшырап, орыс тіліндегі аударманың салқыны байқалғаны бар. Елдегі компаниялар көп шетелдік киноларды Ресей нарығы арқылы алатыны, орыс тіліндегі дубляждың басым денін көрші ел жасайтынын ескерсек, бұл қалыпты құбылыс еді.



Содан болар, кинотеатрлардың жұмысынан ішілік шықты. Көбі жұмысын тоқтататынын мәлімдесе, кейбірі тек қазақ фильмдерінің көрсетілімі жүретінін жеткізген. Алайда үміт пен кәсіпкерлер осындай қысып-таяң шақта оңтайлы жол тауып, голливудтық студиялардың қазақ және орыс тіліндегі дубляжын өзімізде жасауға көндіріп. Нәтижесінде аз уақытта үлкен жүкті арқаулаған жобалар қолға алынып, жаңа фильмдерді тәржімдеу, дыбыстау жұмысы басталды.

Жалпы сапалы дубляж аударманың сапасы, тіл тазалығы, әдеттегі шеберлігіне тікелей қатысты. Бұл тұрғыда қазақ дубляжының өзіндік жолы мен мектебі қалыптасқанын айта кету жөн. Бүгінде театр және кино мамандарының үлес қосуымен көптеген кино өнімдері жоғары деңгейде дубляждағанын білеміз. Анимациялық туындылар да қатарға қосылып, сапа көрсеткіші едәуір артқан. Бұл – сапаға қатысты баға.

Дегенмен саланың кем-кетігі де жетерлік. Әсіресе, шетелден келетін фильмдердің аударма сапасы мен дауысы ерекше мамандарды табу ісі ақсап тұр. Мұны дубляж режиссері Гүлнәзид Омарованың отандық БАҚ-та жарияланған пікірінен аңғару қиын емес.

– Қазір шетелдік киноларды дыбыстауға қатысты тиісті кәсіпсөздер жүріп жатыр. Өзірге өзіміздің фильмдермен жұмыс істеуденіміз. Егер голливудтық кинолар келетін болса, ең әуелі мәтін орыс тіліне, содан соң қазақ тіліне аударудан бастаймыз. Одан соң кәсіби дыбыстау басталады. Өрине, сапалы дубляж жасау қаржыға да байланысты. Оның үстіне фильмдерді де тез арада өзгілеу қажет. Мәселен, қазір бізде бір киноға 3 ай қажет. Ал Ресейде дубляж 5 күнге ғана созылады.

Тағы бір маңызды мәселе – ол мәтін аудармасы. Жасыратыны жоқ, көбіне қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылатындықтан, сөйлемнің мағынасы бұзылып, мүлдем

түсініксіз сөздерді естіп жатамыз, – дейді маман.

Расында, Ресейде жұмысын тоқтатқан шетелдік киноиндустриядағы атакты компаниялар Қазақстанмен жұмыс істеуге ниет білдірген. Тіпті болашақта қазақстандық актерлар дубляждаған Голливудтың ірі бес киностудиясының туындылары жарық көреді деген жоспар да бар. Бұл орайда Мәдениет және спорт министрлігі келіссөз жүргізуде.

Яғни, Тор, Өрмекші адам, секілді танымал кейіпкерлер тағы да қазақша дыбысталады деген сөз.

Осы орайда Ұлттық арнаның дистрибуция және сатып алу бөлімінің басшысы Жахина Сәнгерімнің дубляж үдерісінің даму ерекшелігі мен артықшылығы туралы пікірін қосу маңызды секілді. Маман саладағы олқылық пен жұмыс барысын деп басып айту арқылы келешекте туындайтын мәселелерді назардан тыс қалдырмайды.

«Өр ел үлкен экранға шығатын кинотуындыларды өз тіліне аударып, дубляж жасайды. Мысалы, Ресей, Қытай, Франция, Жапония тағы басқа елдер, дубляждаған нұсқасы толық жоғары сапамен орынданбағанша экранға бермейді, тіпті тұсаужесер датасын кеңірту де мүмкін. Дубляжға келетін болсақ, ол – үлкен жұмыс, бір фильмнің артында кемінде 35 адамның еңбегі бар, ал алып студиялардың фильмдеріне келсек, бұл сан екі есе өседі, себебі олар сапаны бақылау мақсатында аударманы, актерлердің дауысын, музыканы, өлеңді қалай орындағандарын бекітеді.

Келешекте аудармашылар, театр актерлерінің, дыбыс режиссерлерінің тапшылығы болуы мүмкін, бірақ бұл даусыз, қазақ тіліне дубляждау сапасын арттырады, білікті мамандарды біріктіреді және қазіргі түйтілерді шешудің жолы екені анық», – дейді сала маманы.

5-10 жыл бұрын «Неліктен қазақша дыбысталаған фильмдер аз?» деген сауалға «Қазақша фильмге сұраныс аз» деген сыңайдағы пікір тарағанын білеміз.

Сол кезде қоғам белсенділері мен халық мұндай ойдың жансақ екенін айтып, қазақша кино көргісі келетін көрермен көптің жеткізген болатын. Содан бері отандық кинонарықта қазактілі фильмдердің қатары артып қана қоймай, шетелдік фильмдердің қазақша дыбысталаған нұсқасына сұраныс арта түсті. Қазіргі жағдай одан да жақсарған, сұраныс жоғары. Тіпті қоғамдық ұйымдар қазақ тіліндегі өнімдерінің орын-жайына еңбек етуде. Мәселен, QazaqstanJaz қозғалысы шетел фильмдерін қазақша дыбыстауды талап етіп, петиция жариялады. Қозғалыс белсенділері фильмдердің сапасыз қазақша субтитріне назары.

«Бүгінде «Кинематография туралы» Заңның 9-бабында «...фильмдерге қазақ тілінде дубляж не субтитр жасалып, не кадр сыртындағы аудармалармен қамтамасыз етілуі тиіс» деген талап бар. Жоғарыда көрсетілген бап таңдау бері тұр, ал дистрибутордың дубляж, субтитр мен кадр сыртындағы аударма үшеуінің арасынан субтитрді таңдауының айдан анық. Ол дистрибуторға қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді де, қазақ тілінің ауқалын жақсартуға үлес қосып еткізеді. Осыған дейін мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында кинотеатрда көрсетілген фильмдер қазақ тілінде субтитрленіп келсе де, ол қазақтілді көрерменді қанағаттандырмайтыны анықталды» – дейді қозғалыс белсенділері.

Петиция авторлары соңғы жылдары қазақша дубляждаған санаулы туындының көрермен ықыласына бөленгенін атап өткен. Әсіресе, «Жан», «Эканто» және «Лука» атты фильмдердің қазақша дыбысталаған нұсқасы көрермен көңілінен шығып, ондағы қазақша сәундтректер әлеуметтік желіде трендке айналған екен. Сондықтан белсенділер сұраныс жоғары екенін, әрбір көрерменнің Дүниежүзілік кинематография ана тілінде көруге құқылы екенін айтады.

Берен ШАҒЫРӨВ


Бұрынғы өткен заманда сиқырлы құдық болыпты. Сиқырлы құдықтың жанындағы тұрғындар үш күннен бері сусыз отыр екен. Тұрғындар ол құдықтың сиқыры бар екенін білмеді. Бір күні сол құдықтың басына Омар есімді бір бала келіпті. Омар сол құдыққа барып: – Ааа, – деп, айқайлап көреді. Құдық қараңғы болатын. Омар бұл құдықта не бар екен деп ойлайды. Сәл тұрып: – Қой, мен неге отырмын, осы құдыққа тас лақтырсам не болады екен? – дейді. Содан Омар құдыққа тас лақтырады, тастың алысқа түскен

дыбысы естіледі. Омар ойлап, атасынан арқанды сұрап, осында алып келмекші болады. Атасынан арқанды сұрайды, атасы оны неге сұрағанын білгісі келеді. Омар не деп жауап берерін білмейді де үйден шығып кетіп, қайта кіріп, оны көрші баланың сұрағанын айтады. Атасы сәл ойлап, Омарға арқанды кешікпей қайта әкелуін ескертіп тапсырады. Омар қуанып

кетеді. Содан Омар құдық жанына барып, арқан байлайтын жер іздейді. Құдық жаңында үлкен қарі тал бар екен, соған арқанын байлап, құдықтың ішіне түседі. Іші қараңғы болғандықтан қайта шығады. Омар біраз тұрып, құдыққа қарап: – Егер сенің ішінде су болғанда, мен атамды қуантар едім, – депті. Содан үйіне қайтып кетеді. Ертеңіне қайта құдық басына келеді. Содан отырып Қудайдан жалбарынып су сұрайды. Салдан соң әлгі құдықтың іші өздігінен суға тола бастайды. Омар құдықтың ішін қараса, су бетіне шығып тұр екен. Сонда Омар бар болғаны оның Қудайдан су

тілегенін кейін, құдықта судың пайда болғанын түсінеді. Омар қуанып, атасына құдық ішіндегі судың қалай пайда болғанын айтып береді. – Атамы, сен елімізді шөлден құтқардың, елдің қамын ойлап, суды Жаратушыдан ерекше ықыласпен сұрадың, сол үшін Қудай сенің тілегіңді қабыл етті – дейді. – Үлкен азамат болғанда елдің игі ісімен айналысатын боласың – деп, атасы немересінің арқасынан қағып, мақтайды. Содан бері Омар жақсы азамат болып өсіп, ел ісіне белсенді араласып, халқына адал қызмет етеді.

Сая МАХАМБЕТАЛИЕВА, И.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің оқушысы



тау кезігіп, таудың жанында бір-бірін өлтіруге оқталған сапарластарын көреді. Бәрінің ойы сиқырлы құсты торға қамап, арманын орындату еді. Сол сәтте Дәулетхан кішкентайынан баққан жүйрік жылқысына қамшы басып, шаба жөнеледі. Жылқы екі орығанда таудың шыңына жетіпті. Сөйтіп сулу құсты басқалардан бұрын алып, арманына жетеді. Сонда құс Дәулетханға адам дауысымен сөйлей бастайды. – Дәулетхан, сені ата-анаң жақсы тәрбиелегенің білемін. Мені қинайды деп ойламаймын. Кішкентай балапандарыма барайың мені жібер, – деп жалбарынады.

Дәулетхан киелі құстың сөйлегеніне таңқалып, қайтара жауап береді: – Сиқырлы құс, сені жіберер едім, бірақ елім құрғақшылықтан қиналып жатыр. Бір тамшы жауын жаумай, өзен-көл кепіп, төрт түлік қырылып жатыр, – деп шындықты айтады. – Сенің арманыңды орындаймын. Елің құрғақшылықтан құтылады. Тек мені еркіме жіберсең болды, – дейді сиқырлы құс. Дәулетхан сиқырлы құсты қоя береді. Ертеңіне ауылына жетсе, жаңбыр жауып тұр екен. Өзен-көл суға толып, жерге шөл шығып, ауыл тегіс аман қалыпты. Ел-жұрт Дәулетхан мен сиқырлы құсқа алғысын жаудырып, батасын береді. Жыл сайын әлгі сиқырлы құс сол ауылдың төбесінен ұшып өтеді. Оны тек Дәулетхан ғана көре алған, ал басқа адамдарға ол кәдімгі құс болып көрініпті. Батыр оны көрген сайын төбеге қарап, сиқырлы құсқа еліне жасаған жақсылығы үшін алғыспен қолын бұлғады екен.

Дана ЕРМАҒАМБЕТОВА, И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейдің оқушысы



БАТЫРДЫҢ ЕРАЛҒИ

Ерте ерте ертеде ит пен мысық болыпты. Итті адам баласының бәрі жақсы көріп, сыйлайды екен. Ал керісінше мысықты көбі жақтырмай, жолап кетсе, тас лақтырып, қуып шығады екен. Мысық адамдардың итті не үшін жақсы көретінін түсінбейді. Сол үшін қызғаныштан үнемі итке қастандық жасайды, аңдып жүреді. Нақтырақ айтқанда, ит мысықтың қас жауына айналады. Ит оның әрекеті қанша ашуына тисе де, үн-үңсіз жүретін. Егер ол мысықтан кегін қайтармақ болса, өзін адамдар “жаман ит” деп ойлап қалады деп қорқатын. Бір күні мысық иттің таңғы асын ұрлайды. Оны жабайы иттерге беріп жібереді. Ит тамағының жоғын біліп, бұл істің артында мысық тұрғанын біледі. Мұндай жағымсыз істерден шаршаған ит мысыққа барып:

- Саған не керек, іштар мысық? – дейді ашуланып.
 - Мияу, сенің бөделің керек.
 - Менің бөделімді қалай жаман әрекет жасасаңда, қолға түсіре алмайсың!
- Ол үшін еңбек ету керек.
- Ол не еңбек тағы? Ақылсымақ болмай, айтсаңшы...
 - Менің еңбек деп отырғаным, жақсы әрекет жасау. Сен сонда ғана жұрттың сүйіспеншілігіне бөленесің.
 - Егер осы айтқандарың рас болса, мен сенің жақсы ит екеніңе сенетін боламын, – дейді мысық.

Ит мысықты көшеге алып шығады. Мысық, адамдармен сәлемдес. Бұл қылық әрбір адамға жағады, – дейді ит күлімсіреп. Мысық иттің айтқанын түсінгендей, барлығымен сәлемдеседі. Адамдар мысықтың әрекетіне таңғалып, түсінбейді. Бастысы риза болады. Одан соң әрі қарай жол жүріп, кенет жолдан өте алмай тұрған әжейді көреді. Ит мысықты түртіп:

– Ал мысық, келесі жұмыс көрінген тағы не бейтаныс болсын, көмекке мұқтаж адамға көмектесу – сенің парызың. Мысық барып, әжейді жолдан етуге көмектеседі. Әжей алғысын білдіріп, оны сипалайды. Бір сәтте мысық пен ит ит жол жүріп бара жатқанда, жақын жердегі баланың жылаған дауысын естиді. Мысық ештеңеге қарамастан, сол жерге барады. Сөйтсе, балаға жабайы құс жақындап келе жатыр екен. Мысық лезде барып, құстың көзін тырнағымен тіліп, баланы құтқарып қалады. Сол жерге жұрт жиналып, мысықты көтеріп, мақтап, қол шапалақтайды. Ол баланың ата-анасы мысыққа алғысын білдіріп, тамақ береді. Мысық өмірінде бірінші рет ерекше сезімге бөленіп, көзіне жас алады. Кейін итке рақметін айтып, жасаған әрекеттері үшін кешірім сұрап, екеуі дос болады. Осы оқиғадан кейін мысық көп нәрсе ұғады. Итті барлық адам не үшін жақсы көретінін түсінеді.



Сезім СӘБИТ, Ж.Махамбетов атындағы №43 мектептің оқушысы

ЖАҚСЫ ИС АЛТЫҢ

Баяғыда бір отыншы өмір сүріпті. Ол ормандағы ағаштың түр-түрін кесіп, базарға саудалап, күнеліпті. Отыншы бір күні орманды ұзақ аралайды. Ол мұндағы ең биік ағашты таңдайды да, балтасын сөрмейді. Кенет ағаш қуысынан бір алтын құс шыға келеді. Құс адамша тіл қатады: – Ей, адам, бұл ағашты шапта, сонда мен сенің үш тілегіңді орындаймын, – дейді. Отыншы оған қатты қуанып, үйіне кетеді. Болған жайды әйеліне баяндап береді. Әйелі болса: – Біз зәулім сарайда тұрсақ керемет болар еді деп айтқаныңша алтын құс олардың бірінші тілегін орындап, сол мезетте зәулім сарай пайда болады. Отыншы: «Бұл сарайды еңбекпен тапқан жоқпыз, берекесі болар ма екен? Одан да лашықта тұра бергеніміз жақсы еді», – дегені сол екен зәулім сарай бір демде лашыққа айналады. Осылайша алтын құс екінші тілекті орындады. Енді бір ғана тілек қалды. Отыншы: «Бізге күш-қуат берсе, зәулім сарайды да, ғажайып бақты да өз еңбегімізбен табар едік», – дейді. Осы тілегінен кейін отыншы мен оның әйелінің істері оңға басып, қалағанының бәріне қол жеткізіпті, бақынты ғұмыр кешіпті.

Жанқуат СӘКЕН, Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің оқушысы



АЙСАМАЛ ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ



Грецияның Ираклион қаласында зілтеміршілер әлем чемпионатының жүлдесін сарапқа салды. 20 жасқа дейінгі атлеттер Пиреней түбегінде тартысты көркін қыздырды. Айтулы аламанда жерлесіміз Айсамал Сансызбаева да бақ сынап, қола жүлдені қанжығаға басты.

Айсамал әлем біріншілігінде 87 келіден жоғары салмақта сыңға түсті. Серпе көтеруде 112 келіні ырқына көндіріп, корейлық Паркке ғана жол берді. Ал жұлқа көтеруде 140 келі Сансызбаева үшін жеткілікті болды. Қос сайыс қорытындысында 252 келімен Сыр аруы үздік үштікті түйіндеді.

— Әлем біріншілігі өте тартысты болды. Жүлде алатыныма сенімді болдым. Өйткені жарысқа дейін жаттығу жиындары, ішкі біріншіліктердің барлығында белсенді болып, бабымда болдым. Қос корейлық зілтеміршіні алдыма жіберіп алдым, Негізгі күміс жүлде қолда тұрды. Бұйырғаны қола жүлде болды. Өкінемеймін. Нәтижені одан әрі жақсарту үшін жаттығуларды тоқтатпаймын, — деді әлем чемпионатының жүлдегері.

ЖЕҢІСТІ СЕРИЯ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ



Қызылордалық «Қайсар» өл біріншілігінің 4-турында қарағандылық «Шахтер Болатты» қабылдап, 4-0 есебімен жеңді.

Алаң иелері сапынан Мамаду Диалло дубль авторы атанса. Өркен Махан мен Кирилл Сидоренко бір-бір голдан соғып, «Қайсардың» жеңісті сериясын одан әрі жалғасты.

Енді Әбілдаев шекірттері бүгін елордалық «Жеңіске» қонаққа барады.

«Қайсар» — «Шахтер Болат» 4-0
Голдар: Диалло 42, (1-0), Диалло 52, (2-0), Махан 76 (3-0), Сидоренко 80 (4-0).

Қайсар: Салайдын, Жұмаханов, Педро, Бауыржан (Горизанов 80), Құлмағанбетов, Сарбай (Төлегенов 82), Байжанов (Бондаренко 80), Сахалбаев (Махан 61), Диалло (Махан 61), Сидоренко.

АРУЛАР ЕУРОПАДА БАҚ СЫНАЙДЫ



Футзалдан Қазақстанның әйелдер құрамасы Алматыда өткен оқу-жаттығу жиынын аяқтады. Енді олар Еуропа чемпионатының іріктеу турниріне қатысу үшін Литваға аттанады.

Балтық жағалауында жалауы желбірейтін жарыста жерлестеріміз С тобында өнер көрсетеді. Қазақстан құрамасының бас бапкері Анатолий Одицов соңғы жаттығу жиынына мына шекірттерін шақыртты: Қақпашылар — Назерке Әбілхасенова, Юлия Васильева. Ойыншылар — Адилә Вылданова, Лейла Садыхова, Милана Ткач, Айжан Әбілғазиева, Елдана Өйтмбетова, Камилла Ақшолова, Данира Алқанова, Өсемгүл Аруова, Кристина Федякина, Анастасия Комарова, Замира Қонаева, Зарина Нозимова, Аяя Шолопакова, Евгения Тузикова және Александра Вербицкая.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК


Артық салмақтан арылу қоғам үшін өзекті мәселеге айналғандай. Мұндай мәселе екінің бірінде кезігуде. Ауру астан екені даусыз. Фаст фуд өнімдерін жиі тұтынатындар жайсыз салмаққа тап болып, дене бітімін нашарлатып алады. Мұндай жағдайда фитнес жаттықтырушының көмегі орасан. Ендеше адамның сыртқы сымбатын жақсарту үшін не істеу керек? Үздік фитнес маман Айбек Нұғмановтың кеңесін назарларыңызға ұсынамыз.

Фитнес дене мүсініңіздің жинақы әрі көзтартарлықтай болуына көмектеседі. Өзіңе деген сенімділік те осыдан кейін келеді. Ал мінсіз мүсінің басты құпиясы — фитнеспен қатар тамақтануды да дұрыстау. Көңіл толатындай нәтиженің 80%-ы тамақтануға, қалғаны жаттықтырушыға байланысты екен.

— Арықтағысы келетін немесе керісінше салмақ жинағысы келетін қыздардың жаттығудан кейінгі тамақтану режимі әртүрлі болады. Салмақ қосқысы келетіндер жаттығудан соң гейнер ішіп, бір



КЕРЕК КЕҢЕС



АРТЫҚ САЛМАҚТАН АРЫЛУҒҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

сағаттан соң ауқаттануы керек. Ал артық салмақтан арылығы келетіндер болса тек екі сағаттан кейін ас ішіп, оның өзінде ақуызды тамақ өнімдерін жегені дұрыс. Олар кешкілік қуырылған, майлы, тұзы көп және көмірсулы тағамдарды жемегені абзал. Негізгі салмақ тастағысы келетіндері жаттықтыру жеңілрек, ал салмақ қосқысы келетіндермен жұмыс жасау қиындау, нәтиже бірден болмайды. Себебі оларды метаболизм

жоғары болғандықтан салмақ жинау оңай емес. Көп еңбектену керек. Жалпы жаттығудың нәтижелі болып, мінсіз мүсін жасаудың құпиясы — дұрыс тамақтану. Фитнес барлық адамға жағдай деп айта алмаймын. Сонымен қатар, адамның көңіл хошына және уақытында тамақтануына да байланысты. Дайындықтан екі сағат бұрын міндетті түрде ауқаттану қажет. Тамақты тым көп жеу де жаттығудың дұрыс

болмауына әсер етеді. Фитнеске бірінші рет келгендерге бірден қиын жаттығулар бермейміз. Алдымен 40 минут, одан 1, 1,5 сағат айналысатын боламыз. Жалпы жаттығуды бастардан бұрын "кардио", яғни 20-30 минут жүгіру жолында жүру міндетті. Бұл қан айналымын дұрысталуына, жаттығу кезінде жүрекке күш түсіруі үшін қажет. Өрне, әр адамның денсаулығына, сырқатына байланысты қарсы көрсетілмдер бар, соларды ескеріп жаттығулар тағайындалады, — дейді Айбек Нұғманов.



ТЕННИС: ҚҰРАМАНЫҢ ҚАРСЫЛАСТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Теннистен Дэвис кубогының жеробесі Испанияның Малага қаласында тартылып, құраманың қарсыластары анықталды. 14-18 қыркүйекте Шотландияның Глазгосында жалауы желбірейтін жарыста Қазақстанның теннисшілері D тобында өнер көрсетеді. Қарсыластарымыз — Ұлыбритания, АҚШ және Нидерланд құрамала Ендешеры.

Жоғарыда аталған командалардың барлығы да азулы. Мәселен, АҚШ Дэвис кубогын 32 мәрте олжалады. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Дәл осындай табыспен бірде-бір мемлекеттің теннисшісі мақтана алмайды. Америкалықтар соңғы рет 2007 жылы осы турнирде топ жарды. Қазіргі кезде АҚШ-тың ең мықты теннисшілері деп Тэйлор Фритц пен Райли Опелканы атауға болады.

24 жастағы Фритц өлемдік рейтингте 13-орынды иеленуде. Кезінде жасөспірімдер арасында әлемнің бірінші ракеткасы атанған Калифорния штатының тұмасы биыл Аустралияның ашық біріншілігінің төртінші кезеңіне жетіп, АТР турнирлерінде 13

мәрте топ жарды. Тэйлормен түідей құрдас Райли 2021 жылы Мельбурндағы доданың үшінші айылымында сурінді. Аса ірі халықаралық жарыстарда төрт рет жеңімпаз атанған Опелка 17-орынды еншілеуде. 37 жастағы Джон Изнер жайында ұзақ әңгімелеуге болады. 15 жылдан аса кәсіпқойлар арасында табысты өнер көрсетіп жүрген Солтүстік Каролинаның сарғайы кезінде Уимблдонның жартылай финалында күш сынасып, АҚШ-тың ашық біріншілігін ширек финалына шықты. АТР долларында Джон 16 рет тендесісі деп танылды. Бұл күндері Изнер дүниежүзілік рейтингте

25-орынды иемденуде. Сондай-ақ АҚШ-тың мына өкілдері «ТОП-100» теннисшінің қатарында: Франсис Тиаффо — 29, Томми Пол — 34, Дженсон Бруксби — 43, Маккензи Макдональд — 51, Маркос Хирон — 53, Максим Кресси — 65, Брэддон Накашима — 76, Денис Кудла — 84 және Стив Джонсон — 86.

Аталған жарыста 10 рет дара шығып, сегіз рет финалда өнер көрсеткен Ұлыбритания теннисшілері қазіргі кезде қарқынды біраз бәсеңдетіп алды. Олай деуге негіз, бұл күндері Тұманды Альбион елінің үш өрені ғана — «ТОП-100» теннисшінің қатарында. Солардың арасынан Энди Маррейді бөлек жара атап өтуге болады.

34 жастағы Глазгоның тумасы осыдан алты жыл бұрын әлемнің бірінші ракеткасы атанды. Ол Уимблдонның екі дүркін жеңімпазы, АҚШ-тың ашық біріншілігінде бір рет бас жүлдені олжалады. Аустралияның ашық біріншілігін финалына бес рет шықты. Ролан Гарросстың ақтық сынында ойнады. Энди Олимпия ойындарының жекелеген сайысында екі рет алтын алып, жұлтық бәсекеде күміспен күтпеді. АТР турнирлерінде 46 рет қарсылас шыдатпады. Әйгілі спортыс 2012 жылы Британия империясының орденімен марапатталды. Кейіннен ауыр жарақат алып, біраз уақыт емделді. Бүгінгі таңда Маррей әлемдік рейтингте 81-орынды

финалға дейін жеткен еді. Қалған турнирлерде ала-құла өнер көрсетті. Қазіргі кезде аталған мемлекеттің екі теннисшісі ғана «ТОП-100-дің» қатарында. Олар — Ботик ван де Зандшюльп (40-орын) пен Таллон Грикспур (56-орын). Бірақ аса ірі халықаралық жарыстарда "кызғалдақтар елінің" өрендері ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге жете алған жоқ.

Еске салайық, 2019 жылы Дэвис кубогының топтық сайысында Қазақстан құрамасы Ұлыбритания және Нидерланд теннисшілерімен шеберлік байқасқан еді. Сол жарыста жерлестеріміз нидерландтықтарды 2:1 есебімен ұтса, дәл сондай есеппен Британиялықтарға есе жіберді. Ал американықтар рет бас жүлдені қолымыз ала бірде-бір рет қиысқан жоқ.

Бұл командалар өзара күш сынасады: А тобы — Хорватия, Италия, Аргентина және Швеция. В тобы — Испания, Канада, Сербия және Оңтүстік Корея. С тобы — Германия, Франция, Бельгия және Аустралия. Бұл бәсекелер Болонья (Италия), Гамбург (Германия) және Валенсияда (Испания) өтеді. Дэвис турнирінің 100 күбогында Нидерланд құрамасы өзінің ең зор табысына 2001 жылы қол жеткізді. Сол кезде олар жартылай

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

Күн уясына батқан кешкі сәтті әдемі әуенге бөлеген жастарды арбат бойындағы «Coffee Like» кофейнясының жанынан көруге болады. Он бес жастағы жасөспірімдерден бастап үлкендерге дейінгі тұрғындарды қамтыған көше сахнасының ерекшелігі – жастарға мүмкіндік берілуінде. Өйткені талай таланттар сахнаға шығуға қымсынып жүріп, бойындағы қабілетті бағаламауы мүмкін. Бұл тақырыпта кофейня иесі Рахатпен тілдескенімізде, жас кәсіпкер жастар үшін тың жобалардың керегін жеткізді.

– Өн айту өзімнің

де бала күнгі арманым еді. Көше сахнасы кішкентай кездегі сол тілегімнің көрінісіне айналды. Себебі бізге келген өнерлі жастар тұрғындар алдында ән салумен қатар, бойындағы қорқынышын жеңіп үлкен сахнаға жолдама алуға. Расында көпшілік алдында өнер көрсету оңай дүние емес. Сондықтан біз жастарды қолдау мақсатында осындай бастамаға ден қойдық. Бастапқыда аймақтық полиция қызметкерлері заң тұрғысында рұқсат берілмейтінін айтып, біраз кедергі туындаған. Алайда уақыт шектеуі мен қоғамдық орынның төртбі сақталатын болған соң келісім берілді. Қазір кешкі сағат 19.00-ден 22.00-ге дейін жастар ән шырқап, көңіл сергітіп, жанашылдықтан идея ала алады, – дейді Рахат.

Айта кетейік, «Coffee Like» кофеханасында арнайы ән жазатын студия орналасқан. Ән жазу бағасы қалтаға қойымды болған соң, жастардың да өнер көрсетуге деген мүмкіндігі көбеюде. Ескі әндерге әр берген олар музыкалық аспаптарын өздерімен бірге ала

келеді. Бір қуантарлығы, талантты жастар қазақша әндерді жаңа нұсқада орындап, ұлттық музыканы трендке айналдырып жүр. – Бес жыл бойы Қытайда білім алған уақытта жастардың ерекшелігіне өмір сүретінін байқадым. Біздегідей емес, көшеде емін-еркін ән салуға, би билеуге болады. Бірде Қытайдағы қазақ жастары бас қосып, көшеде «Қара жорға» биін билегеніміз есімде. «Қазақстан» төттігі мен құрт, әдемі әуен мен әсем би «Аспан асты елінде» ұлттық ерекшелігімізді танытуға мүмкіндік сыйлады. Сол сияқты кофейня жанындағы жастардың тек қазақша ән орындағанын көргенде шынымен риза болып, сүйсінесің. Жақында олар Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін шырқады. Бойды шымырлатқан ән сол жердегі адамдардың бәрін ойландырағын рас. Сондықтан алдағы уақытта осы жобаны дамытып, тұрғындар арасында ойындар, шоулар ұйымдастыру жоспарымызда бар. Көше сахнасында кез келген тұрғын ән шырқай алады, бірақ біз алдымен қандай ән орындالاتынын бақылауда ұстаймыз. Себебі біз үшін сапа басты орында тұрады. Болашақта ашық алаңда ұлттық құндылықтарды насихаттап, шағын бейнежазба түсіріп, әлеуметтік желінің көмегімен өзгелерге таныту мақсатымыз бар. Кей қала тұрғындары көшеде ән салған жастарды табыс табу үшін жүр деп ойлайды, бірақ біздің мақсатымыз жастарды қолдау ғана, –

дейді ол.

Қазіргі уақытта қала тұрғындарының қарбалас тірліктен бой жазып, бір сәт ашық аспан астында демалуы сирек құбылысқа айналғаны рас. Сол оқлықықтың орнын толтырған көше сахнасы үлкен-кішіге жаңа эмоция сыйлап келеді.

„АЛТЫН САҚА“ ОБАЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.
1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.
2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылғанын aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ енімен тегістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титүлді бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.



4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.



Қаладағы арбат бойында әдемі атмосферасымен ерекшеленетін жаңа орынның пайда болғанына көп бола қойған жоқ. Бірақ бұл бастамаға деген қала тұрғындарының қызығушылығы жоғары. Құдды бір көріс дорамасындағыдай айнала қоршалған жарықтар. Жаңашылдыққа ұмтылған жастар. Әлдебір аспаптың сүйемелдеуімен көпшілікке ән арнаған таланттар. Мәдениет пен музыканы үйлестірген көше сахнасы... Осындай ғажап көріністің қалада қайталануына қандай дүние ықпал еткенін бүгін тарқатып айтуды жөн көрдік.



Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



JULDYZ - JORAMAL

(14 – 19 мамыр)



Тоқты
Көктем кештерін серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылданыңыз. Өздік айналғанға дейін мейрмімен қарап, жақсылық іздеуді өдетке айналдырыңыз.



Торпақ
Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік мен сәттілік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.



Еріз
Уақытыңызды текке өткізбей, білім алуға арнаңыз. Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, бір нәрсені ойласанңыз, жоспарды міндетті түрде орындауға тырысыңыз. Сізге тайм-менеджментті бақырып үйрену көп көмегін тигізеді.



Шянь
Жұмыс, қарьера деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаныздағы адамдардан еш қорықпай, батылырақ бола түсіңіз. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаңыңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз. Ешкімге екіне артпаңыз, мүмкіндігінше жақындарыңызға жылулық сыйлап, бақытты сәттерді бағалай біліңіз.



Арыстан
Сізді маңызды бір кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, қиын кәсіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктеріңіз жетесіз. Дегенмен жасылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз. Өйткені өмірде бәрі біуеран, қазір жасаған қадамдар кейін өзіңізге сол нәтижемен оралады.



Бикеш
Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі де мүмкін. Апта соңында күлген тосын сый болғалы тұр. Сондықтан тек жақсылықтан үміт етіңіз.



Таразы
Жоспарыңыздың көп бөлігін орындау үшін еңбектеніңіз. Егер сіз тырысқанңыз керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн. Бастысы талаптанпай, өрінібеген дұрыс.



Сарышянь
Сіздің айыныңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарықрайтын күні алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез тұды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаныз,

аз күнде биіктен көрінетініңіз анық. Тек жетістік жолында әділ ұстанымда болыңыз.



Мерген
Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңданыңыз. Қаражат жағынан қиындық туындамас үшін қолда бар дүниені үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кенес береді. Бұл денсаулығыңыз үшін пайдалы болады.



Таяушкі
Қаражат жағына алаңдамаңыз. Аптада сіз күтпеген жақсы жаңалықтарды болуы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастап, білім сапасына жіт көңіл бөлген дұрыс.



Сұқуйғыш
Өз күшіңізге сеніп, еңбектенсеңіз әлі талай бәлесіз бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасыңыз демалыстаңыз сізге тигізер пайдасы зор болмақ. Сондықтан жақын адамдарыңызға көп көңіл бөліңіз.



Балық
Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындарыңыз қасында болыңыз. Сірә, сіздің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Көкейші редактор: Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мелдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8.172421.70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тансырыс: 734